

Аудан көлемінде тіркелетін жылы 17 жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне алғашқы әскери тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 2010 жылғы 06 желтоқсандағы N 45 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 21 желтоқсанда N 10-3-174 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі N 11 Шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 2011.04.22 N 11 Шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 33-бабын және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 Заңының 17-бабын басшылыққа ала отырып аудан көлемінде тіркелетін жылы 17 жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеу жұмыстарын жүргізіп, әскери қызметке дайындауды сапалы және ұйымшылдықпен өткізу мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. Аудан көлемінде тіркелетін жылы 17 жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеуге алу жұмыстары 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында жүргізілсін.

2. Кент, ауылдық округ әкімдеріне, аудандағы мекеме басшыларына:

1) "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 Заңына сәйкес шақыру пунктіне бөлінген азаматтарды өздерінің негізгі жұмыс орнындағы қызмет міндеттерінен орташа еңбек жалақыларын сақтай отырып босату;

2) шақырылған азаматтардың Арал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне кент, ауылдық округ әкімдері әскери есеп столы мамандарымен, оқу орындарындағы әскери жетекшілерінің қадағалауымен ұйымдасқан түрде келуін қамтамасыз ету және шақырылған азаматтардың Арал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне уақытылы келуі мақсатында арнайы көлік ұйымдастыру жұмыстары ұсынылсын.

3. Арал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімін алғашқы әскери тіркеу жұмыстары уақытында "Қызылорда электр жүйесін тарату компаниясы" АҚ-ның Арал аудандық филиалынан (А. Сұлтанов, келісім бойынша) үздіксіз электр жарығымен, Арал аудандық телекоммуникация торабынан (Б.Еренов, келісім

бойынша) тұрақты телефон байланысымен қамтамасыз ету сұралсын.

4. "Арал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Қ. Аяпов) N 1 қосымшаға сәйкес алғашқы әскери есепке тіркеуді ұйымдастыруға қоғамдық жұмыстарға өз еркімен келіскен азаматтарды б о л у т а п с ы р ы л с ы н .

5. "Арал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен (М. Байсынов келісім бойынша) тіркеуге алу жұмысының қорытындысын, тіркеуді жүргізу жұмысы аяқталғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде аудан әкіміне хабарлау сұралсын.

6. Арал ауданы әкімінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы "Аудан көлемінде тіркелетін жылы 17 жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскелерінде алғашқы әскери тіркеуді жүргізу туралы" N 51 шешімінің (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 21 желтоқсанында N 10-3-146 тіркелген, "Толқын" газетінің 2009 жылғы 26 желтоқсанында N 102 санында ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі

Н.Мұсабаев

А р а л

а у д а н ы

ә к і м і н і ң

6 желтоқсандағы 2010 жылғы

N 45 шешімімен бекітілген

қосымша

Кезекті алғашқы әскери есепке тіркеу уақытында қоғамдық жұмыстарға бөлінетін жұмысшылар саны:

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен	7 жұмысшы
Аудандық білім бөліміне	1 қызметкер